





Антикалық философия.





Жоспар:

1. Антика философиясының кезеңдері.
2. Ежелгі Грекияның философиялық (сократқа дейінгі) мектептері.
3. Класикалық философия.
4. Эллиндік және римдік философия.

Антика философиясының кезеңдері




I. Демократиялық – б.з.д. VII-Ү ғғ.;

**II. Классикалық (сократтық) - б.з.д. Vғ.
ортасы – б.з.д. - IV ғғ. аяғы;**

III. Эллиндік - б.з.д. IҮғ. – б.з.д. IIғ.;

IV. Римдік - б.з.д. Iғ. – б.з. Үғ.


Антикалық (ежелгі грек) философияға мына ерекшеліктер тән:



- ✓ Бұл философияның гүлденуінің материалдық негізі полистердің экономикалық (қалалық, сауда-кәсіптік) дамуы болды;
- ✓ Ежелгі грек философиясы материалдық өндіріс процесінен қол үзіп, дербес қауымдыққа айналды; ой еңбегі мен дене еңбегі бөліне бастады;
- ✓ Ғарыштық (космоцентризм) идеясы өзекті мәселеге айналды;
- ✓ Философия дамуының соңғы кезеңінде ғарышкінділік идеясы мен антропокінділік (антропоцентризм) идеясы араласып, біріге бастады;
- ✓ Құдайлардың болуы күмән туғызбады;
- ✓ Ежелгі грек құдайлары табиғаттың бір бөлігі болып саналып, адамға жақын болды; адам табиғат бөлігі.

I. Мифологиялық кезең – б.д.д. VII ғ.

Табиғат пен әлем туралы түсінік әмбебаптық қауымдық-рулық формация түрінде түсіндіру. Құл иеленушілік, ақыл және дене еңбегін бөлу.



II. Классикалық грек философиясы- б.д.д. VI-IV ғ.

Объекті мен субъектіні айырып қарау. Сезімдік-матриалдық космос объекті ролінде шығады


Милет мектебі.



Фалес (шамамен б.з.д. 640-560 жж.) — милет мектебінің негізін салушы, адамзат тарихында аты аталатын ең алғашқы көрнекті грек ғалымы, философы.

Бізге қалдырған мұрасы:

- Дүниенің алғашқы бастамасы (“архэ”) **су** деп білді;
- Жерді судың үстінде тұратын жазық диск деп ұғынды;
- Өлі табиғаттың барлық заттардың жаны бар (гилозоизм) деп санады;
- Әлемнің орталығы Жер деп түсінді;
- Жылдың ұзақтығы - 365 күн болатынын дәлелдеп бақты;
- Математикада жаңалықтар (Фалес теоремасы) ашты.




Анаксимандр (б.з.д. 10-540жж.) - Фалес шәкірті:



- Алғашқы бастама, дүниенің негізі “**апейрон (-мәңгі өлшеусіз, шексіз субстанция)**, барлығы одан пайда болады, оған айналады;
- Материяның сақталу заңын (заттың томдық құрылымын) меңзеді: тірі дүние, барлық заттар микроскопиялық элементтерден тұрады;
- Алғаш рет адамдардың эволюция процесінде жануарлардан пайда болатынын (Ч.Дарвин ілімімен бұрын) болжады.

Анаксимен (б.з.д.546 ж. туған) Анаксимандр шәкірті:




- Алғашқы бастама **ауа** деп білді;
- Жер бетіндегі барлық заттар - ауаның әртүрлі шоғырланған қозғалысының (*ауа қысылғанда суға айналады, одан кейін лайға, топыраққа, тасқа, және т.б.*) нәтижесі;
- Адам жаны (“психэ”) мен “ғарыш жаны” – ауаны (“пневма”) бірдей, ұқсас –деді;
- Құдайды табиғат күштері және аспан денелерімен барабарлықта қарастырды.


Эфестік Гераклит (шамамен б.з.д. 544-483жж.) – ежелгі гректік көрнекті философы, материалист, объективтік диалектиканың негізін салушы:



- алғашқы бастаманы **от** деп білді;
- диалектиканы ілімінің негізін салды;
- **“барлығы өзгереді”**, дүние әрдайым қозғалыста, өзгерісте болады;
- **“бір өзендегі суға екі рет түсуге болмайды”**;
- табиғаттағы заттар айналыста болады, ал тарих цикл бойынша дамиды;
- қоршаған дүниенің салыстырмалылығын мойындады (“теңіз суы адам үшін лас, бірақ балық үшін таза”).
- бәрін жасаушы, бәрін қамтитын құдайды Логос – әлемдік Парасат дер ұғынды.



Пифагор — ежелгі грек философы, әрі математигі:



Пифагор (б.з.
д. V-IV ғ.
бірінші
жартысын
да өмір
сүрген.)

- Бар дүниенің алғашқы себебі сан деп білді;
- Дүние сан арқылы танылды, санда даналық, гармония, үйлесімділік бар;
- Әрбір планета өзінің қозғалысында монотонды (сандық) дыбыс шығарады;
- Адам өлгеннен соң оның жаны басқа денелерге өтетіңіне сенді.

Элеаттар – қазіргі замаңғы Италия жеріндегі б.з.д. YI-Yғғ. Өмір сүрген ежелгі грек полисі Элей мектебінің өкілдері.



Осы мектептің әйгілі философтары -
Ксенофан, Парменид, Зенон.


Парменид (б.з.д. YII ғ.аяғы -YI ғғ.) –
европалық рационализмнің негізін
салушы болып есептеледі. Болмыс
категориясын енгізді. Болмысты ол
танылатын әлем, ойлау деп түсінді.
Болмыс бар, бейболмыс жоқ. Ойлау
және “бар болу” бір.



Элейлік Зенон (б.з.д. 480 – 430 жж.) - Парменидтің

шәкірті:

- негативтік, терістеу диалетикасының негізін салды;
- көптілік пен қозғалысты ойлау мүмкін емес деді;
- қозғалыстың болмайтынын дәлелдеуге тырысты;
- Апория – ойлаудағы қиналу, аң-таң болу, шешілмейтін жұмбақ.




Зенонның атақты апориялары:

«Ахилес пен тасбақа», «Дихотомия», «Жебе», «Стадий» және тб.



АТОМИЗМ



Левкипп (б.э.д.V)



Демокрит (470 немесе 460 ж.б.э.д.)




Негізгі қағидалары: барлық материалдық дүние атомдардан тұрады; атом бөлінбейді, мәңгілік, өзгермейді, өзіне-өзі тең, барабар; атомдар мәңгі қозғалыста болады, атомдар айналымы да бар; атомдар арасында қуыспен толтырылған кеңістік бар; атомдарда сапалық қасиет болмайды, олардың түсі, иісі, дыбысы жоқ, олар бір-біріне өзгермейді; атомдар ішінде ешқандай да қозғалыс болмайды, атомдар шар тәрізді. Бұрышты, қармақ, тб. формада болады.

Демокрит б.э.д. 470



- Әлем атомдардан тұрады





Софистер - «даналық ұстаздар».

Б.з.д. V-VI ғғ. бірінші жарсытысында өмір сүрген. Протагор, Горгий, Гиппий, Продик, Антифонт, Критий және тб.

Протагор (б.з.д. 481-411) – атақты аға софист. Оның атақты кредосы: “Адам – барлық тіршіліктің, нәрсенің өлшемі, өмір сүрушілер үшін өмір сүру, өмір сүрмейтіндер үшін өмір сүрмеу”.

Софист **Горгий** көзқарастары:

- ештеңе жоқ;
- егер бір нәрсе бар болса, оны да білуге болмайды;
- Огер оны білген күнде де, оны тануға болмайды.



Сократ (б.э.д.469 – 399 жж.)


Антикалық мағынадағы диалектиканың негізін салушы, ақиқатты анықтауда «майевтика» әдісін, индуктивтік әдістің де негізін салды.

Сократтың айтқан нақыл сөздері:

- ✓ *“өзіңді өзің танып біл”;*
- ✓ *“мен өзімнің түк білмейтінімді білемін, кейбіреулер оны да білмейді”;*
- ✓ *“өмір сүру үшін тамақ жеу керек, бірақ тамақ жеу үшін өмір сүрмеу керек”;*
- ✓ *“жамандық-жақсылықтың не екенін білмеуден туындайды”;*
- ✓ *“өз қамыңды өзін ойла”.*



Сократ ДИАЛЕКТИКАНЫҢ негізін салушы



Платон (б.э.д.427 - 347 жж.) - шын аты


Аристокл, Сократ шәкірті.



Идея туралы ілім, идеализмнің негізін салушы.

Нақыл сөздері:


- *Біреуге өкпелегеннен гөрі, өзіңе өкпелелегенін дұрысырақ;*
- *Адамдар өзінің бақытсыздығына, мүшкіл халіне құдайды, тағдырды, кім көрінгенді кінәлайды, бірақ өз кінәсін мойындағысы келмейді.*
- *Кешіру оңай, бірақ ұмыту қиын.*





Платон философиясының тарихи маңызы!

- тұңғыш рет ұғымдық ойлауды, диалектиканы, философиялық категорияларды дүниеге әкелді;
- идеализм философиясының негізін салды;
- тек табиғатты емес, қоғамды, мемлекетті терең зерттеді.





Аристотель (б.э.д. 384-322) – адамзаттың бірінші ұстазы, Платон шәкірті, Александр Македонскийдің тәрбиешісі болған. Аристотель әмбебап ғұлама-логиканың, философияның психологияның, биологияның саяси экономияның, этика, эстетика, өнер теориясының және т.б. Көптеген ғылымдардың негізін салды.

«ПЛАТОН менің досым бірақ АҚИҚАТ қымбат!»



Әлемнің бірінші ұстазы “Жан туралы “ еңбегінде сананың иесі жан дейді. Оның үш деңгейін қарастырады:

- өсімдіктік жан;
- жануарлық жан;
- ақылдық жан.


Жан – таниды, айырмашылықты біледі «ұзақ уақыттар бойы адасуларда болады»

Аристотель бойынша тән өлімі жанды мәнгілікті өмір мүмкіншілігіне босатады.



Аристотель

философиясының тарихи маңызы:



- теңдесі жоқ философия, ойлау туралы ойлау ілімінің негізін салды;
- болмысқа категория арқылы анықтама берді;
- философияның 10 категориясын анықтады;
- Платонды сынай келе философияға жаңа үрдіс берді;
- формальды логиканың негізін салды;
- мемлекеттің түрлерін зерттеді, саясаттану ғылымының ізашары болды;
- дүние мен адамның пайда болуын ғылыми түрде қарастырды;
- биология мен экономиканың тб. ғылымдардың негізін салды;
-

Синоптік Диоген (б.з.д. ІҮғ.) – киниктік философияның теоретигі мен практигі, әйгілі философ.



Өмір сүру әдісі мен философиясы:

- Бөшкеде өмір сүрген;
- Ұран тастаған: Үйсіз, жұртсыз, отансыз өмір сүр”;
- “лем азаматы” (космополит) болу;
- Некелікті терістеу;
- Дәстүрлі өмір сүру салтын мойындамау;
- Табиғат заңынан өзне заңға заңдарға бой ұсынбау;
- Өзі қайыршы бола тұрып, өзінің тәуелсіздігіне масаттанған;
- Жабайы адам мен хайуанаттар тіршілігін үлгіге алу, дәріптеу.




Киниктер философиясына жауап ретінде стоиктер мектебі пайда болды. Негізін салған Зенон Китийлік.


Негізгі идеясы - қоршаған дүние ықпалынан азат болу. Оған жету жолы – дәстүрлі мәдениеттің озық жетістіктерін қабылдау, әрдайым ізденісте болу, өзін жетілдіру, даналыққа жүгіну.



Эпикур (б.з.д. 341-270 жж.) - ежелгі грек философы, материалистік көзқараста болды. Атомизм идеясын дамытты. Гедонизм принципін ұстанды.



Скептиктер



Гректің скептома – жан-жағыма қарай отыра.

Пиррон (360 - 270 гг. до н.э.) пікір айтудан тартынуға және бір жақты болуға шақыратын уақытқа шақырды.

Сұрақтар:

- 1) Заттар қандай? – бізге білу берілмеген
- 2) Оларға қалай қарау керек? – қолдамау және теріске шығармау
- 3) Біз қалай өмір сүруіміз керек? – өз пікірлерімізден еркін және олардан тәуелді емеспіз.

Стойктер



Ерте стоиктер

Зенон Китонский (б.д.д. 332 - 268 ж.ж.)

Клеанф (б.д.д. III ғ.)

Хрисипп (б.д.д. 280 - 208 ж. шамасы)

Кейінгі стоиктер

Плутарх

Цицерон

Сенека – (б.д.д. 4 ж. – б.д. 65 ж.) – қайырымдылық идеяларын дәріптеді; ең жоғары игілік – адам бақыты.



Үнемі салмақты және қалыпты данышпан

Тағдыр - материяны қозғаушы билік.

Барлық нәрсенің мақсатты себептілігі бар («барлығының да мәні бар, тіпті биттің де қажеттілігі бар»).

4. Кейінгі эллинизм

Неоплатонизм




Плотин
(205 - 270 ж.
шамасы)



Порфирий
(233 - 304 ж. шамасы)

Неоплатонизм



-Тұлғаның ішкі тыныштығының сақталуы және оны әртүрлі соққылардан қорғау ілімі

-Платонның негізгі идеяларын Аристотельдің идеяларын еске ала отырып жүйелеу.

-Платон диалектикасының триадасын жасау:
біртұтастық- ақыл – жан.

Сезімдік материядан басқа «ақыл жететін материяның» бар екендігін болжау.